

Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 10 қарашадағы № 639 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 ақпанда № 13100 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің өзгерістер енгізілетін бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

В. Школьник

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 24 желтосан
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев

2016 жылғы 13 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 10 қарашадағы
№ 639 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер енгізілетін бұйрықтарының тізбесі

1. "Мұнай және газ саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қазандағы № 77 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9998 болып тіркелген, 2015 жылғы 28 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мұнай және газ саласында қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы қосымшаның 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Күші жойылды – ҚР Энергетика министрінің 25.04.2018 № 140 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Күші жойылды – ҚР Энергетика министрінің 10.04.2020 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 10 қарашадағы
№ 639 бұйрығының қосымшасына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің

Мұнай және газ саласында қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

р/с №	Біліктілік талаптары	Құжаттар	Ескерту
1	2	3	4
<p>Мұнай және газ саласында тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызметтер мыналардың болуын қамтиды:</p>			
1	<p>Занды тұлғалар үшін мөрмен (бар жағдайда) және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен куәландырылған қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламент</p>	<p>қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін орындаудың технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің көшірмесі болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	<p>жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық); магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызмет үшін талап етілмейді</p>
2	<p>Өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар) болуы</p>	<p>меншік құқығын немесе өзге де заңды негіздерді растайтын құжаттардың (жер учаскелер, жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық нөмірі; объектілердің техникалық паспорты; мүлікті жалдау (жалға алу) шарты, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты көрсету) болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	<p>"магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану" қызметінің кіші түріне таратылмайды</p>
	<p>Мұнай және газ саласында тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану , магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызметтер үшін:</p>		

<p>жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) үшін – жобалау үшін пайдаланылатын лицензияланған бағдарламалық қамтылым, арнаулы техника және жабдықтар</p>	<p>жобалау үшін пайдаланылатын лицензияланған бағдарламалық қамтылымның, арнайы техника және жабдықтардың болуы туралы ақпаратты құрайтын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру үшін - инженерлік құрылыстар, тетіктер, арнайы техника және жабдықтар, технологиялық процесті бақылауға арналған өлшеу жабдықтары</p>	<p>инженерлік құрылыстардың, тетіктердің, арнайы техника және жабдықтардың, технологиялық процесті бақылауға арналған өлшеу жабдықтарының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>көмірсутекті шикізат кен орындарында технологиялық жұмыстар (кәсіпшілік зерттеулер; сейсмикалық барлау жұмыстары; геофизикалық жұмыстар) жүргізу үшін: кәсіпшілік зерттеулер және геофизикалық жұмыстар үшін – ұңғымалық аспаптар мен зондтар, аспаптар мен зондтардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жер үсті аппараттары, арнайы кабель, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығыр; сейсмикалық барлау жұмыстары үшін – сейсмикалық стансалар немесе басқа сейсмикалық жабдықтар</p>	<p>ұңғымалық аспаптар мен зондтар, аспаптар мен зондтардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жер үсті аппараттары, арнайы кабель, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығырдың, сейсмикалық стансалар немесе басқа сейсмикалық барлау құрылғыларының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>мұнай; газ; газ конденсаты; айдама ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстарын жүргізу үшін: 1) лицензияның не жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт; 2) перфорациялық жабдықтар немесе жүйелері</p>	<p>лицензияның не жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың; перфорациялық жабдықтар немесе жүйелерінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>құрлықта; теңізде; ішкі су қоймаларында көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау үшін - бұрғылау (оның ішінде теңізде және ішкі су қоймаларында жүзетін) қондырғылары, қашау, бұрғылау құбырлары, шығарындыға қарсы жабдықтар, көтергіш агрегаттар</p>	<p>бұрғылау (оның ішінде теңізде және ішкі су қоймаларында жүзетін) қондырғыларының, қашаудың, бұрғылау құбырларының, шығарындыға қарсы жабдықтардың, көтергіш агрегаттардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>кен орындарында ұңғымаларды жер астында (күрделі, ағымдағы) жөндеу</p>		

<p>үшін — кіші түрінің мәлімделген жұмыстарын орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын арнайы техника және жабдықтар;</p>	<p>арнайы техника және жабдықтардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды цементтеу; сынау; игеру, сынаудан өткізу үшін - көтергіш көлік құралдары, цементтеу агрегаты, кіші түрінің мәлімделген жұмыстарын орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын арнайы техника және жабдықтар, тетіктер мен аспаптар</p>	<p>көтергіш көлік құралдарының, цементтеу агрегатының, арнайы техника және жабдықтардың, тетіктер мен аспаптардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту үшін – кіші түрінің мәлімделген жұмыстарын орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын техника құралдарының кешені, арнайы техника және жабдықтар</p>	<p>техника құралдары кешенінің, арнайы техника және жабдықтардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>құрлықта; теңізде кен орындарында көмірсутекті шикізат төгілуінің алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстар үшін – теңіздегі мұнай жинау қондырғысы (скиммер), құрлықта мұнай жинауға арнайы техника және жабдықтар, жүзуші резервуарлар және бонолық тосқауылдар</p>	<p>теңіздегі мұнай жинау қондырғысының (скиммер), құрлықта мұнай жинауға арнайы техника және жабдықтардың, жүзуші резервуарлардың және бонолық тосқауылдардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды консервациялау; жою үшін – құрлықта мұнай жинауға арналған техникалар мен жабдықтар, цементтеу агрегаты және лақтыруға қарсы жабдықтар</p>	<p>құрлықта мұнай жинауға арналған техникалар мен жабдықтардың, цементтеу агрегатының және лақтыруға қарсы жабдықтардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>мұнай-химия өндірістерін пайдалану үшін: 1) тетіктердің, технологиялық желілердің, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғыларының, шикізатты, дайын өнімдерді сақтауға арналған арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың және сыйымдылықтардың; 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аттестатталған зертхананың немесе өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген</p>	<p>тетіктердің, технологиялық желілердің, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғыларының, шикізатты, дайын өнімдерді сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың және сыйымдылықтардың; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аттестатталған зертхананың немесе өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертханамен қызмет көрсету шартының</p>	

	<p>зертханамен қызмет көрсету шартының болуы</p>	<p>болуы туралы ақпараттарды қамтитын мәліметтер нысаны*</p>
<p>магистральдық газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырларының болуы</p>	<p>меншік құқығын немесе өзге де заңды негіздерді растайтын құжаттардың (жер учаскелер, жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық нөмірі; объектілердің техникалық паспорты; мүлікті жалдау (жалға алу) шарты, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты) болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	<p>тек "магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану" қызметінің кіші түріне таратылады</p>
<p>4 магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану үшін - кіші түрінің мәлімделген жұмыстарын орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын диагностикалық, бақылау-өлшеу аспаптары, сондай-ақ магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін құралдар, жабдықтар; белгіленген тәртіпте бекітілген, сондай-ақ бекітілген кезеңде қолданыстағы жұмыс істейтін өндірістік объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бағдарламалар, қоршаған ортаны қорғау, заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып қауіпсіздік техникасы жөніндегі бағдарламалар мен іс-шаралар; жөндеу жұмыстарын орындау жоспарлары (бағдарламалары); аварияларды жою жоспарының болуы</p>	<p>кіші түрінің мәлімделген жұмыстарын орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын диагностикалық, бақылау-өлшеу аспаптарының, сондай-ақ магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін құралдардың, жабдықтардың; жұмыс істейтін өндірістік объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бекітілген бағдарламалар, қоршаған ортаны қорғау, заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып қауіпсіздік техникасы жөніндегі бағдарламалар мен іс-шаралардың; жөндеу жұмыстарын орындау жоспарларының (бағдарламаларының); аварияларды жою жоспарының болуы туралы ақпараттарды қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>Мыналарды: 1) машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді; 2) еңбек қауіпсіздігін бақылауды; 3) метрологиялық бақылауды; 4) маркшейдерлік жұмыстарды ("мұнай-химия өндірістерін пайдалану", "магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану" қызметінің кіші түріне таратылмайды);</p>		<p>жобалау құжаттарды әзірлеу бойынша; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен</p>

5	<p>5) технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын сақтауды ("мұнай-химия өндірістерін пайдалану" қызметінің кіші түріне таратылады);</p> <p>6) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдаланудың технологиялық процесін сақтауды ("магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану" қызметтерінің кіші түрлеріне таратылады);</p> <p>7) қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қызметтер және жауапты тұлғалар.</p>	<p>осы қызметтерді құру немесе жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтардың болуы туралы ақпараттарды қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	<p>орындары үшін жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) жөніндегі қызмет үшін талап етілмейді</p>
6	<p>Тиісті білім деңгейіне, атқаратын лауазымына және техникалық басшылар үшін - аталған салада кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесінің болуына, жауап беретін, біліктілік құрамы (техникалық басшылар үшін – мұнай және газ саласында жоғары техникалық білім, мамандар үшін - кемінде орта арнаулы білім)</p>	<p>әрбір қызметкер бойынша ақпаратты көрсету: тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), оқу орнының атауы, білімі бойынша мамандығы және біліктілігі, лауазымы, тиісті салада еңбек өтілі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	

Мұнай және газ саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесіне қосымша

Мұнай және газ саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесіне мәліметтер нысаны

1. Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің болуы туралы ақпарат (жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық); магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызмет үшін қолданылмайды) _____ (технологиялық регламенттің атауын және оның бекітілген күнін көрсету).

2. Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік базаның (ғимарат, үй-жайлар) болуы туралы ақпарат _____ (меншік құқығын немесе өзге де заңды негіздерді растайтын құжаттарды (жер учаскелерінің, жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық нөмірі; объектілердің техникалық паспорттары; жалдау (жалға алу) шарттары, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты көрсету).

3. Мұнай және газ саласында тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызметтер үшін:

1) жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) үшін:

жобалау үшін пайдаланылатын лицензияланған бағдарламалық қамтылымның, арнайы техника мен жабдықтардың болуы туралы ақпарат _____ (бағдарламалық қамтылымның атауын көрсету, қолда бар арнайы техника мен жабдықтарды атап көрсету);

2) мұнай, газ, мұнай-газ конденсатын өндіру үшін:

инженерлік құрылыстардың, тетіктердің, арнайы техника және жабдықтардың, технологиялық процесті бақылауға арналған өлшеу жабдықтарының _____ болуы туралы ақпарат (инженерлік құрылыстарды, тетіктерді, арнайы техника және жабдықтарды, технологиялық процесті бақылауға арналған өлшеу жабдықтарын атап көрсету);

3) көмірсутекті шикізат кен орындарында технологиялық жұмыстар (кәсіпшілік зерттеулер; сейсмикалық барлау жұмыстары; геофизикалық жұмыстар) жүргізу үшін:

ұңғымалық аспаптар мен зондтар, аспаптар мен зондтардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жер үсті аппараттары, арнайы кабель, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығыр, сейсмикалық стансалар, немесе басқа сейсмикалық барлау жабдығының болуы туралы ақпарат.

_____ (қолда бар ұңғымалық аспаптар мен зондтар, аспаптар мен зондтардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жер үсті аппараттары, арнайы кабель, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығыр, сейсмикалық стансаны көрсету);

4) мұнай; газ; газ конденсаты; айдама ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстарын жүргізу үшін:

жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензияның нөмірі және берілген күні _____;

шарттың нөмірі * _____;

шартқа қол қойылған күні * _____;

лицензиясы бар ұйымның атауы _____;

перфорациялық жабдықтар немесе жүйелерінің болуы туралы ақпарат _____.

* ұйымның жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензиясы бар болған жағдайда, үшінші және төртінші абзацтар толтырылмайды;

5) құрлықта; теңізде; ішкі су қоймаларында көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау үшін:

бұрғылау (оның ішінде теңізде және ішкі су қоймаларында жүзетін) қондырғыларының, қашаудың, бұрғылау құбырларының, шығарындыға қарсы жабдықтардың, көтергіш агрегаттардың болуы туралы ақпарат _____
(қолда бар жабдықты көрсету);

б) кен орындарында ұңғымаларды жер астында (күрделі, ағымдағы) жөндеу үшін: арнайы техника және жабдықтардың болуы туралы ақпарат _____ (қолда бар жабдықты атап көрсету);

7) көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды цементтеу; сынау; игеру, сынаудан өткізу үшін:

көтергіш көлік құралдарының, цементтеу агрегатының, арнайы техника және жабдықтардың, тетіктер мен құралдардың болуы туралы ақпарат _____ (қолда бар жабдықтарды, тетіктер мен құралдарды атап көрсету);

8) мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту үшін:

техника құралдары кешенінің, арнайы техника және жабдықтардың болуы туралы ақпарат _____ (қолда бар құралдар мен жабдықтарды көрсету);

9) құрлықта; теңізде кен орындарында көмірсутекті шикізат төгілуінің алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстар үшін:

теңіздегі мұнай жинау қондырғысының (скиммер), құрлықта мұнай жинауға арнайы техника және жабдықтардың, жүзуші резервуарлардың және бонолық тосқауылдардың болуы туралы ақпарат _____ (қолда бар құралдар мен жабдықтарды көрсету);

10) көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды консервациялау; жою үшін:

құрлықта мұнай жинауға арналған техникалар мен жабдықтардың, цементтеу агрегатының және лақтыруға қарсы жабдықтардың болуы туралы ақпарат _____
_____ (қолда бар құралдар мен жабдықтарды көрсету);

11) мұнай-химия өндірістерін пайдалану үшін:

тетіктердің, технологиялық желілердің, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғыларының, шикізатты, дайын өнімдерді сақтауға арналған арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың және сыйымдылықтардың болуы туралы ақпарат _____ (қолда бар тетіктерді, қондырғылар мен өзге жабдықтарды көрсету);

өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертхананың аттестатының нөмірі және берілген күні _____
_____;

аккредиттелген зертханасы бар ұйымның атауы, аттестатының нөмірі және берілген күні * _____;

аккредиттелген зертханасы бар ұйыммен жасалған шарттың нөмірі және күні* _____

* төртінші және бесінші абзацтардағы ақпарат жеке меншікте зертхана болмаған кезде толтырылады;

12) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану үшін:

меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде магистральдық газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырларының болуы туралы ақпарат _____ (меншік құқығын немесе өзге де заңды негіздерді растайтын құжаттарды (жер учаскелерінің, жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық нөмірі; объектілердің техникалық паспорттары; жалдау (жалға алу) шарттары, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартын көрсету);

кіші түрінің мәлімделген жұмыстарын орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын диагностикалық, бақылау-өлшеу аспаптарының, сондай-ақ магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін құралдардың, жабдықтардың болуы туралы ақпарат;

жұмыс істейтін өндірістік объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бекітілген бағдарламалар, қоршаған ортаны қорғау, заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып қауіпсіздік техникасы жөніндегі бағдарламалар мен іс-шаралардың; жөндеу жұмыстарын орындау жоспарларының (бағдарламаларының); аварияларды жою жоспарының болуы туралы ақпарат _____ (бекітілген бұйрықтардың нөмірлері (бар болған жағдайда) және күндерін көрсету).

4. Мыналарды: 1) машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді; 2) еңбек қауіпсіздігін бақылауды; 3) метрологиялық бақылауды; 4) маркшейдерлік жұмыстарды ("мұнай-химия өндірістерін пайдалану" қызметінің кіші түріне қолданылмайды); 5) технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын сақтауды ("мұнай-химия өндірістерін пайдалану" қызметінің кіші түріне қолданылады); б) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдаланудың технологиялық процесін сақтауды ("магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану" қызметтерінің кіші түріне таратылады);

7) қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қызметтер және жауапты тұлғалар: бұйрықтың нөмірі және күні _____;

қызметтің атауы және жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) _____;

5. Тиісті білім деңгейіне, атқаратын лауазымына және техникалық басшылар үшін - аталған салада кемінде 3 жыл, мамандар үшін - кемінде 1 жыл практикалық тәжірибесінің болуына, жауап беретін біліктілік құрамының (техникалық басшылар үшін – мұнай және газ саласында жоғары техникалық білім, мамандар үшін - кемінде орта арнаулы білімі) бар болуы туралы ақпарат _____ (әрбір қызметкер бойынша ақпаратты көрсету: тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), оқу орнының атауы, білімі бойынша мамандығы және біліктілігі, лауазымы, тиісті салада еңбек өтілі).".

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 10 қарашадағы
№ 639 бұйрығының қосымшасына
2-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Энергетика министрінің 25.04.2018 № 140 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 10 қарашадағы
№ 639 бұйрығының қосымшасына
3-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Энергетика министрінің 25.04.2018 № 140 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 10 қарашадағы
№ 639 бұйрығының қосымшасына
4-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Энергетика министрінің 10.04.2020 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.